

ИГІЛІКТІ ІСТЕР МЕКЕНІ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты үндеуінде « ... көптің қамын көздейтін адам айғайшыл күшімен емес, игілікті ісімен қызмет еткені дұрыс. Ғайбат пен байбаламның орнына ғылым-біліммен шұғылданғаны абзал», - деп, осы бір қиын-қыстау кезеңдегі тығырықтан шығарар сара жолды өзінің айнымас көрегендігімен тағы да айқындап берді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүйелі жүзеге асыруының нәтижесінде бүгінгі үндеуге өз ісімен толық жауап беріп отырған жоғарғы оқу орындарының бірегейі.

Ел шетіне коронавирус пандемиясы келіп жеткен кезеңнен бастап ректор Д.Қожамжарова баста-

ған университет ұжымы «ZOOM», «Прометей» бағдарламалары бойынша студенттер мен магистранттарды қашықтан білім алуына толық жағдай жасады. Қазір әрбір студент өзінің үйінде отырып ғылым-білімге қол жеткізіп отыр. Осының нәтижесінде, университет енді онлайн кеңістікте қайнаған жұмысты бастады. Тіпті профессор-оқытушылар мен білім алушы-

лардың өздерінің оқшауланғанын сезінуіне бос уақыт қалмады десе де болғандай. Барлық лекциялар мен семинарлар өзінің кестесін бұзбай өткізіліп, студенттер сапалы оқу материалдарымен толық қамтамасыз етіліп отырды. Сондықтан, студенттер мен магистранттардың білімі де әр апта сайын өз бағасын алып, рейтингілік парақтары да толтырылып, білім алушылардың алға қарай ынталана жүруіне жол ашылды.

Оқу үдерісінің осылайша еш кедергісіз толыққанды, әрі сапалы түрде жалғастырыла беруі – ұжымның прагматикалылығының айқын дәлелі. Бұл сонымен бірге, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өміршендігін де көрсетіп беріп тұр.

**Г.ЖАҢЫСБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚМУ-дың**

**Рухани жаңғыру
жобалық кеңсесінің
менедерушісі**